



• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

## Мақсат – айқын, міндет – зор

Жыл сайынғы Президент Жолдауын асыға күтін отырамыз, жылт еткен жаңалығы, қоғамдағы қозғаушы күшке айналады. Биылғы Жолдауда жер мен шаруа мәселесі баса айтылып, биік деңгейде сөз болды. Қалың жұртшылықты қатты толғандыратын қадау-қадау мәселелер тағы да күн тәртібіне өткіз қойылып отыр.

Жолдауда елдің жағдайы қалай деп елденгенде, ең алдымен, шалғай аудандарда, шекаралық аудандарда мұғалімдер мен дәрігерлердің жетіспеушілігі – өте алаңдатарлық ахуал. Кадрлардың тапшылығы, әсіресе, ауылдық жерлерде қатты сезіледі. Кезінде жабылып қалған облыстар, аудандар қайта ашылғанда қатты қуанғанымызды несіне жасырайық. «Жол жөнделді, құбыр тартылады, мектеп ашылады, шағын кәсіпкерлік дамитын болды» деп қуанды жұртшылық. Мойындау керек, қала мектептерінде бір сыныпта 40 бала отырса, ауыл мектептерінде бір сыныпта 4-ақ оқушы қалған жағдайлар бар. Міне, ауылдық жерлерде мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет саласы қызметкерлерінің жетіспеушілігінің бір ұшы осында жатыр. Мұғалімдерге, дәрігерлерге жағдай жасау, алтын бесік – ауылға апару үшін билік басындағылар қатты ойлануы керек. Мектеп мұғалімдерінің беделін көтеру олардың материалдық жағдайын жақсартумен байланысты, сонымен бірге, қоғамдағы ұстаздың рөліне мектепте, ата-ана да, билік те бірдей жауапты екенін ұмытпайық.

Сонымен қатар, жер ананы емген ауылдағы ағайын үшін жер мәселесі өзекті. Жер – адамға аманатқа берілген асыл қазына. Ауыл шаруашылығын дамыту, диканды құрметтеу, «бармақ басты, көз қыстыға» салмай, олардың еңбегін бағалап, марапаттап отыру – бүгінгі күннің күретауы мәселесі. Жер көзжұмбайлыққа көнбейді. Аманат – жерден басталып, адамзатпен жалғасатын қасиетті дүние. Біз Президент атап өткендей, ауыл шаруашылығына үлес қосып жатқан еңбек адамдарын ардақтай білуіміз керек!

Сәкітай СЫЗЫҚОВ,  
Ақтағай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## Ел үшін зор мүмкіндік

Қазақстанда 20 миллион адам өмір сүреді. Халықтың өсуі, урбанизация, сондай-ақ, көптеген процестерді цифрландыру және автоматтандыру сөзсіз ресурстарды тұтынудың өсуіне әкеледі. Ең алдымен – электр энергиясы.

Қазақстанда станция салу үшін бүгінде барлық қажетті заттар бар және ғалымдардың айтуынша, атом өнеркәсібі де жақсы дамыған. Сондықтан да, бұл еліміз үшін үлкен мүмкіндік. Экономикамыздың дамуына үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын.

Көптеген жұмыс орындарының пайда болуы, табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуы, еліміздің инвестициялық тартымдылығының артуы. Атом электр станция құрылысының барлық оңды жақтарын ескере отырып, 6 қазанда өтетін референдумда қазақстандықтар дұрыс таңдау жасайды деп ойлаймын.

Гүлжазира РЫСПАЕВА,  
«Саран техникалық колледжі» КМҚК әдіскері

## Қыстан қысылмас үшін

Қарағандыда қысқа дайындық жер қарайғаннан басталып, жылу жүйесі берілгенге дейін толассыз жалғасады. Қысы ұзақ, жазы қысқа Қарағанды үшін бұл қалыпты жағдай. Арқаның аязды қысында қысылып қалмас үшін жылу беру маусымына әзірлік жергілікті әкімдіктің жіті бақылауында болатыны сондықтан. Тіпті, қазір апта сайын пысықталып, кем-кетігі түгенделу үстінде. Ала жаздай жөндеу көрген қазандықтар мен жылу электр орталықтарының құрал-жабдықтары санаулы күнен кейін іске қосылады. Әдеттегідей қазанның алғашқы күндері жылу тұрғын үйлерге жіберіле бастайды. Осыған байланысты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қала, аудандардың жылу беруге дайындығын пысықтаған кеңес өткізді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Коллажы жасаған Ш.Алашбекова

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми өкілдердің мәлімдеуінше, аймақтың қысқа дайындығы кестеге сай. Жоғарыда атап өткеніміздей, жылу көздеріне жөндеу жұмыстарымен қатар, көмір мен мазут қоры толықтырылып жатыр екен.

Әр қаланың әзірлігі туралы Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаментінің басшысы Ернар Хасенов түсініктеме берді.

«Kazakhstan Energy» компаниясының бас директоры Темірлан Өтегенов Топар

ГРЭС және Балқаш ЖЭО жөндеу жұмыстары туралы баяндады. Оның айтуынша, Топар мен Топар ГРЭС Абайды жылумен қамтамасыз ету үшін 5-6 қазандық қажет. Күл үйінділеріне қатысты жұмыс жалғасуда.

– №5, 11 қазандықтарды күрделі жөндеу, №1, 2, 6 қазандықтарды ағымдағы жөндеу аяқталды. Қазіргі уақытта 9-шы қазандыққа күрделі жөндеу және 8-ші қазандыққа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. №7 турбинаны жөндеу және №3 турбинаны жаңғырту жалғасуда. Біз жылыту маусымына 100% дайын боламыз, – деді ол. Ал,

Балқаш ЖЭО-да барлық жұмыстар аяқталды. Тек №6 турбинада 15 күннен кейін жөндеу аяқталады.

Теміртауды жылумен жабдықтау екі станцияға – ҚарГРЭС-1 және ЖЭО-2 байланысты.

ҚарГРЭС-1 туралы аймақ басшысына оның директоры Сергей Кривов баяндады. – Қоймада 50 мың тонна көмір, 80 тонна мазут бар. Қазан айынан бастап, әлеуметтік мазут сатып алынады, – деді Сергей Кривов. Аткарылған жұмыстар туралы ЖЭО-2 директоры Виталий Шульжик хабарлады. Мұнда №1 қазандықты жөндеу тек 15 жел-

тоқсанда аяқталады. №4 турбогенератор роторына жоспардан тыс апаттық жөндеу жүргізілуде. №7 қазандықты бастапқы толытыру жоспарлануда. Шатырдағы апаттық плиталарды ауыстыру қажет. Отын қоры бар.

Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау әкіміне, тиісті басқармаларға ҚарГРЭС-1 және ЖЭО-2 бақылауға алуды тапсырды. Тұрақты мониторинг пен апта сайынғы тексерулер қажеттігін ескертті.

Қарағанды ЖЭО-1 және ЖЭО-3-те көмір қоры жеткілікті. Кестеге сай қазандықтар мен турбиналарда жөндеу жұмыстары жалғасуда.

– Үшінші жылу шығаруда жұмыс екі кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңдегі жұмыс орындалысы 98% құрайды. Екінші кезеңдегі жұмыс – 97%. Қысым жүргізілді, ескертулер жоқ. Жылыту маусымына дайын боламыз, – деп сендірді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры Флюор Гарипов.

Шахтинск ЖЭО облыс әкімінің тұрақты бақылауында. Мұнда турбиналарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Бірінші қазандыққа гидравликалық сынақтар аяқталды. Келесі аптада мердігер төртінші қазандыққа қысым жүргізіле бастайды.

Станцияда көмір қоры да бар. Шахандағы қазандық жылу мен желілер 100% дайын.

Өңірдің барлық қалалары мен аудандарында жылумен жабдықтау желілерінде гидравликалық сынақтар жалғасуда. Анықталған ақаулар жедел жойылады.

Ернар Хасенов заңнамадағы жаңа өзгерістер туралы да еске салды. 9 қыркүйектен бастап дайындық құжатын алмағаны үшін айыппұл 6 млн теңгені, отынның нормативтік емес қорларын сақтамағаны үшін айыппұл – 4 млн теңге көлемінде. Тікелей станция басшылығына жылыту маусымы кезінде техникалық пайдалану ережелерін бұзғаны үшін 2-3 млн теңге айыппұл салынады.

– Акционерлер мен станция басшылары жауапкершілікті сезінуі керек. Әкімшілік жауапкершіліктен басқа моральдық және қылмыстық жауапкершіліктер де бар. Әркім өз жұмысына тиянақты болуы шарт. Қыста қысылмауымыз керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

## Қордан – қомақты қолдау

Қазір елімізде «Мектепке жол» акциясы жүріп жатыр. Бұл науқаннан жылдағы үрдіс бойынша «Сары Қазна» ЖШС мен «Медная компания Коунрад» ЖШС құрған «Коунрад» корпоративтік қоры қалыс қалған жоқ. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ, аз қамтылған және қопбалалы отбасы балаларына көмек көрсетті. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында жаңа оқу жылына қажетті мектеп құралдарының барлығымен, соның ішінде кеңсе тауарларымен, мектеп және спорттық формалармен, аяқ киіммен қамтамасыз етті.



Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осылайша материалдық қолдау көрсетіп, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алды.

Қор басшылығы мектеп әкімшілігінің жазбаша өтініштерін қабылдап, оны мақұлдағаннан кейін балаларға және олардың заңды өкілдеріне өздеріне қажеттінің барлығын таңдауға мүмкіндік берді. Барлық оқушылар мектеп және спорт формасын, аяқ киімді өздері таңдап, киіп сынап көруі үшін бұл процесс әдейі ойластырылды, ал Білім күні олар мектепке толық дайындықпен, жақсы көңіл-күймен және жақсы оқуға деген ынтасымен барды.

Биылғы жылы Қор шапағаты қопбалалы және аз қамтылған отбасы балаларына арналған мектеп-интернаты және №10 арнайы мектеп-интернаты, №1, №3, №25 жалпы білім беретін мектептерінен 50 баланы қамтыды. Барлық қажетті құрал-жабдықтарға жұмсалған қаражат 2,6 миллион теңгеден астам. Бұдан бөлек, «Коунрад» қорының басшылығы Балқаш қаласындағы халықтың осал топтарын қолдауға үлкен мән береді, олардың өмір сүру сапа-



сын жақсартуға ұмтылады. Әлеуметтік әділеттілік пен эмпатияға берілгендік қоғам алдында тұрған негізгі мәселелер мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді және шынайы әсер етуге, адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге ынталандырады.

Айта кетейік, осы науқан басталғаннан, яғни 2020 жылдан бастап 2024 жылға дейін Қор 190 балаға қолдау көрсетті, қайырымдылық акциясына бөлінген сома 6,5 миллион теңгеден асады.

– Қордың көмегін алған, ата-аналар мен балалар риза болып отыр. Қопбалалы отбасы болғандықтан, балалардың барлығын бірдей қажетті киім-кешек және мектеп құралдарымен қамтамасыз ету оңай емес. Осыны уақытылы әрі дұрыс түсінген аталған қор өкілдері көмек көрсетіп, үлкен сауапты іс жасап отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі елдің иелері. Сондықтан да, мұндай бастамаларды біз қуана қолдаймыз.

Қор биыл 7 баланы мектеп құралдарымен қамтыса, бытыр да бірнеше бала көмек алған, – дейді №25 мектептің әлеуметтік педагогі Бақыт Төлеуханқызы.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## АЭС салуға қатысты пікір білдірді

Балқаш қаласында АЭС салуды қолдау жөніндегі штабтың мүшелері түсіндіру жұмыстарын жүргізуді бастады. Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайында өткен кездесуге ұстаздар қауымы келді.

Кездесу барысында АЭС салуды қолдау жөніндегі штабтың мүшелері Қадыржан Тейлянов, мәслихаттың депутаты, Балқаш қаласындағы №1 орта мектептің директоры Кристина Шафикова қазіргі таңда энергетикалық тәуелсіздік мәселесі күн тәртібінде алғашқы орынға шыққанын атап өтті.

Өлемнің озық елдерінің тәжірибесі атом энергетикасының тиімділігі мен қауіпсіздігін айқын дәлелдеп отырғандығын сөз етті. Сонымен қатар, Қазақстан электр энергиясының тапшылығын сезінуде және оны көрші елдерден импорттауға мәжбүр екендігін жеткізді.

– Халықтық штабтың басты міндеті – қоғамға АЭС салудың маңыздылығы мен артықшылықтарын жеткізу, жұрт арасындағы негізсіз үрейлерді сейілту, – деді Қадыржан Тейлянов.

Сондай-ақ, АЭС салуға қатысты мұғалімдердің сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшімізден





## • БРИФИНГ

## Азаматтар құқығы тапталмайды

Жылжымайтын мүлік, не автокөлікті тіркеу, пәтерге я тегін 10 сотық жерді алуға кезекке тұру, кейбір лицензиялар мен рұқсаттарды алу және бұдан өзге де жүздеген қызметтер мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жатады. Ол «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» арнайы Заңмен және көрсетілетін қызметтің стандарттары егжей-тегжейлі баяндалған ведомствалық бұйрықтармен реттеледі. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерге көңілі толмаған азаматтар сотқа жүгінуге хақылы.



Коллаж жасаған А. Котгеева

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Қанат Мақажановтың айтуынша, мұндай даулардың бір бөлігі әкімшілік соттың қарауына түседі.

– Өткен жылы 169 талап қою түсті. Бұл – жалпы түскен істердің 9%-ы. Оның ішінде, «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ-на қарсы 147 талап қою бар. Биылғы бірінші жартыжылдықта 56 талап қою тір-

келді. Оның 52-сі немесе 93%-ы – «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ-на қарсы, – деп атап өтті Қанат Маратұлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Бұл статистикадан көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі сот дауларының белгілі бір бөлігін алатынын байқау қиын емес. Ал, «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ мұндай даулар бойынша – негізгі жауапкер.

– Сотқа шағымданудан бөлек, сотқа дейін реттеу тәртібі бар екендігін атап өту керек. Көрсетілетін

қызметтің үлгілік ережелеріне сәйкес көрсетілген қызметтің нәтижесімен келіспегенде оны қызмет берушінің басшысына немесе уәкілетті органына шағымдауға болады. Мысалға, автокөлікті тіркеуден бас тартқан жағдайда полиция департаментінің басшысына немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті мемлекеттік бақылаушы орган болып табылатын мемлекеттік қызмет бойынша департаментке шағымдауға болады. Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің әрекеттерін тікелей

осы орталық директорына немесе коммерциялық емес акционерлік қоғамның облыстық филиалының басшысына шағымдауға болады, – деп түсіндірді Қанат Мақажанов.

Спикердің айтуынша, ең көп дау жер қатынастары, салық органдары және сот орындаушыларға қатысты қаралады.

– Қалыптасқан үш жылдық тәжірибеде негізінде сот процесінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға оң әсері барын көреміз, – деді спикер.

## • ГРАНТ

## Биылға – 9 мың грант

Жыл басынан бері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 8 941 грант берілді. Оның ішінде, ауыл тұрғындарына 5 769 грант бөлінді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, жалпы осы жылға 9 мың грант беру жоспарланған.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Берілген гранттардың басым бөлігі технологиялық жабдықтарды сатып алуға берілген. 3 941 грант неси осындай мақсатты көрсеткен. Мал шаруашылығын дамытуға – 2 331, өсімдік шаруашылығына – 101, құрал-сайман, еңбек құралдарын сатып алуға – 2 425, орын жайды жалға алу мақсатында 143 грант ұсынылды.

Алушылардың санаттары арасында көпбалалы отбасылардың мүшелері басым. Бұл санаттан 5 646 адам алған. Мүгедектігі бар адамдарға – 1 446, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға – 1 045, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға – 253,

асыраушысынан айырылу бойынша төлем алушыларға – 365, қоныс аударушыларға – 151 және қандастарға – 35 грант берілді.

Биыл гранттар алуға өтініштерді қабылдау 2 лек бойынша өткізілді. Үміткерлерден барлығы 30 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Гранттарды еңбек мобильділігі орталықтары үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық – қалалық комиссияның шешімі негізінде береді. Үміткерлер өздерінің бизнес-жобаларын комиссия отырыстарында таныстырады. Комиссия отырысының өткізілетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлама Business.enbek.kz порталында грант алуға өтініш берушінің жеке кабинетінде көр-



Коллаж жасаған А. Котгеева

сетіледі. Бұл ретте, комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды және бағалау парағын мынадай критерийлер бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық

өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру.

Ведомствоның мәліметінше, келесі жылы да 9 мың грант беру көзделген.

Өз тілшімізден

## Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының және облыс тұрғындарының назарына

Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының өкімі

Қарағанды қ.

№ 2-7/1-77

2024 жылғы 13 қыркүйек

## Облыстық мәслихаттың кезекті XVIII сессиясын шақыру туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының кезекті XVIII сессиясы 2024 жылғы 25 қыркүйек сағат 10.00-де (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 қабат) шақырылсын.

## ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 25 қыркүйектегі кезекті XVIII сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылады:

1. Қарағанды облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы жайлы есебі  
2.«Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, сұрыптаудың және кәдеге жаратудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы»

3. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: Өскербек Ибрагимұлы Халтонов, жұмыс тел. 8(7212)506672 (6103), электрондық пошта мекенжайы: obl@karoblaslihat.gov.kz.

**Н.КОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## • ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

## Жүз бастаманың жүгін арқалап тұр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында отандық экономиканың тұрақтылығын және еліміздің дамуына серпін беретін жолды, стратегиялық басымдықтарды дөп басып, айқындап берді.

Президентіміздің 9 бағытқа нұсқау беріп, Қазақстан экономикасының құрылымын өзгерту арқылы түрлі салаларды дамытуды, азаматтардың табысын арттыруды мақсат етіп қойғаны бұл жолғы Жолдаудың Әділетті Қазақстан құруда маңызы зор екенін түсіндім. Жолдауда жүзге жуық түрлі бастамалар, ұсыныстар мен тапсырмалар бар екен. Сонымен қатар, келер жылы – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп

жариялауының маңызы өте зор деп ойлаймын. Себебі, жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру, әділетті Қазақстанды қалыптастырып жатқан дәл қазіргі кезеңде өте қажет. Қазіргі уақытта жастардың көпшілігі мектеп бітірісімен жоғары оқу орындарына түсіп, заңгер, экономист,

информатик тағы басқа мамандық иелері болуды алдарына мақсат етіп қоятынын білеміз. Ал, жұмысшы мамандығына, оның ішінде, техникалық, мұнай-газ, құрылыс салаларының мамандықтарына тапшылық байқалып отыр. Осы орайда, жұмысшы мәртебесін көтеру уақыт талабына сай деуімізге толық негіз бар.

Біз Президент Жолдауында қоғамдағы өзекті мәселелер жан-жақты қозғалумен қатар, еліміздің орталық және жергілікті атқарушы органдары тарапынан атқарылатын келелі міндеттер нақты белгіленіп, оларды шешудің жолдары айқындалғанын бағамдадық.

**Тайтөлеу ЖҰМАНОВ,**  
Балқаш қалалық ардагерлер кенесінің төрағасы

## • САҚТАНСАҚ САҚТАЙДЫ

## Судағы қауіп сейілген жоқ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаһандық есебіне сәйкес 5 пен 14 жас аралығындағы балалар өлімінің басты себебі су екен. Яғни, жүзу дағдысының жоқтығынан ажал құшады. Бала түгілі ересектер де қателікке бой алдырып жатады. Мұндай қайғылы оқиғалар жаздың ыстық күндерінде орын алады. Жаз мезгілінде адамдардың қауіпсіздігіне жауапты құтқарушы мамандар күшейтілген тәртіпте жұмыс істейді. Күн райы ызғарланып, шомылу маусымы жабылды. Осыған орай облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Роллан Есмағанбетов орталық коммуникациялар қызметінің алаңында арнайы брифинг өткізді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаз айларында төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жағалауларды күзетеді. Себебі, ескертулерді елемей, тыйым салынған аумақтарда шомылатын тұрғындар аз емес.

Облыстың су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың 12 сәуірінде аймақ басшысының «2024 жылғы шомылу маусымы кезеңінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» өкімі бекітілген еді. Сонымен қатар, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері облыс әкімінің басшылығымен жедел кеңестерде, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялар отырыстарында талқыланады. Роллан Есмағанбетовтың айтуынша, тұрғындарды оқыс оқиғалардан

сақтау мақсатында барлық шаралар атқарылған.

– Құтқарушылар мен полиция қызметкерлері тұрақты түрде облыстың су айдындарына рейдтер мен патрульдер жүргізді. Рейд барысында азаматтарға су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері бар жадынамалар табыстай отырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Халықпен ауқымды профилактикалық жұмыс мамыр айынан бастады. Полиция департаменті бөлімшелерімен, жергілікті атқарушы органдар және еріктілер бірлесіп, облыстың су айдындарында 4000-нан астам рейд ұйымдастырды. 87 мыңға жуық жадынамалар табысталып, 50 мыңнан астам профилактикалық әңгіме айтылды. Сонымен қатар, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жазғы кезеңде департамент бөлімшелерімен қосымша 96 адам, 20 бірлік техника және 25 жүзу құралы мөлшерінде 10 мобильдік топ құрылды, – деді Роллан Есмағанбетов.

Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жеке тұлғаларға жалпы сомасы 814 мың 86 теңгені құрайтын 62 әкімшілік хаттама толтырыпты. Полиция қызметкерлері 430 айыппұл салған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге көп дейді мамандар (2023ж -26 әкімшілік хаттама).

Үгіт-насихат жұмыстары аясында жыл басынан бері 23 брифинг өткізіліп, теледидарда 71, радиобағдарларда 274 рет ақпарат таратылған. Газеттер мен журналдарда жүзге жуық мақала жарияланып, әлеуметтік желілерде адамдар мен балалардың қаза болуының негізгі себептері туралы 200-ден астам бейнероликтер көрсетіліпті.

– «Судағы қауіпсіздік» тақырыбы бойынша 240 акция, сауда үйлерінің дауыс зорайтқыштары арқылы қауіпсіздік ережелері туралы 1 жарым мың аудио хабарландыру жүргізілді. Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тағы бір жолы, қауіпсіз демалыс орындарын ұйымдастыру болып табылады. Облысымызда 89 жаппай демалу және суда жүзу орны бекітілген. Соның ішінде, 5 коммуналдық және суда спортпен шұғылдану үшін 1 орын бар. Сонымен қатар, коммуналдық жағажайларды құру жоспарына сәйкес облыстың 12 елді мекенінде 19 қосымша жағажай құру жоспарланған. Биыл жоспар аясында Осакаров ауданының аумағында 3 коммуналдық жағажай құрылды. Айта кету керек, барлық коммуналдық жағажайлар



Коллаж жасаған А. Котгеева

қолдануға толықтай тегін. Тыйым салынған қауіпті учаскелерде 306 ескерту белгілері және адамдардың қаза болу фактілері, олардың себептері мен оқиғаға ықпал еткен мән-жайлар көрсетілген 70 көрнекі стендтер орнатылды, – деді Роллан Есмағанбетов.

Көңілі далаға елеңдеп тұратын балаларға судағы қауіпсіздік хақында ақпарат беру – құтқарушылар үшін маңызды міндеттің бірі. Департаменттің қызметкерлері облыстық білім басқармасымен бірлесіп, өңірдегі оқу орындарында 123 мыңға жуық оқушыны қамтитын 308 сынып сағатын, 212 ашық сабақ, 152 интерактивті сабақ және

74 практикалық сабақ өткізген. Мамандар балаларға жүзуді де үйретіп жатыр екен. Жыл басынан бері жауапты мамандар жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттесе отырып, 9023 балаға жүзуді үйреткен. 82 адам құтқарушыларға арналған даярлық курстардан өткен.

Тиісті шаралар атқарылғанымен, осы жазда судан ажал тапқандардың саны онға жетіпті. Үшеуі – жасөспірім. Қайғылы жағдайдың барлығы шомылуға тыйым салынған жерлерде орын алған. Былтыр 12 адам көз жұмған. Былтыр 8 адам құтқарылды.




• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

## Ортақ игілік үшін маңызды шешім

Қазіргі әлем бізден тек бүгінгі күнімізге ғана емес, сонымен қатар, болашағымызға да әсер ететін маңызды шешімдер қабылдауды талап етеді. Қазақстандағы маңызды шешімдердің бірі – атом электр станциясын (АЭС) салу мәселесі. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мен бұл мәселеге ерекше ден қоямын. Өйткені, бұл – еліміздің болашағына елеулі үлес қосатын тың жоба.

Негізінде, таразыласақ, АЭС – энергетикалық тәуелсіздікке жетудің маңызды қадам. Қазақстанның энергетика саласында үлкен әлеуеті бар, ал, атом энергиясы қазіргі және болашақ ұрпақты тұрақты энергиямен қамтамасыз ететін сенімді қайнар көзге айналады.

АЭС салу мәселесі бойынша референдум өткізу идеясы мемлекеттің азаматтардың пікіріне назар аударатынын және шешім қабылдауда ашықтықты көздейтінін көрсетеді. Бұл еліміздегі демократиялық үдерістердің дамуының белгісі, менің ойымша, бұл мықты және әділетті қоғам құрудың маңызды элементі болып



Коллаж жасаған А.Рысқалиев

табылады.

Мен жастардың осындай маңызды мәселелерді талқылауға қатысуына ерекше мән беремін. Жастар – біздің еліміздің болашағы және олардың шешім қабылдауға белсенді қатысуы осы үдерістердің Қазақстанның дамуы үшін маңыздылығын түсінуді күшейтеді.

Меніңше, АЭС құрылысы елімізге елеулі артықшылықтар әкелуі мүмкін. Ол – энергетика-

лық тәуелсіздік, экономиканың тұрақты дамуы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және инфрақұрылымға инвестициялар тарту. Педагог ретінде менің міндетім – жастарға осы үдерістердің маңыздылығын жеткізіп, оларды мұндай шешімдерді талқылауға қызығушылық танытуға қолдау көрсету.

Қазақстанда АЭС салу энергетикалық тәуелсіздік пен экономиканың тұрақты дамуын қамта-

масыз ету жолындағы маңызды қадам болатынына сенімдімін. Бұл мәселеге қатысты референдумға азаматтардың қатысуы біздің қоғамның кемелдігін және ортақ игілік үшін маңызды шешімдер қабылдауға дайын екенін көрсетеді.

**Даяна ХАМИТЖАНОВА,**  
**«Шахтинск технологиялық колледжі» КМҚК директорының тәрбие ісі жөніндегі орыбасары**

• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## Болашақ үшін таңдау жасаймыз

Қазір біз қоғамымыз, еліміз үшін оның болашағы үшін маңызды таңдау алдында тұрмыз. Сол таңдау еліміздің дамуына, келешек ұрпақ – балаларымыздың болашағына тікелей әсер етпек. Менің ойымша, халық дұрыс шешім қабылдайды.

Қазақстан бүгінде энергия тапшылығын сезініп отырғаны рас. Жаңа мыңжылдықта, ғылым мен техниканың дамыған заманында энергияға тапшылықтың болуы нонсенс деп ойлаймын. Еліміз даму үстінде, халық саны да өсіп келеді. Біз қуат тапшылығын бүгін бастан кешіріп жатсақ, ертең балаларымыздың

болашағы қалай болады? Энергетикалық проблемасы бар елге инвесторлар да қызықпасы анық.

Уақыт орнында тұрған жоқ. Заман өзгерді, технология дамыды. Бастысы, АЭС құрылысындағы қауіпсіздік талаптарын тиісті орындап, салу керек. Өткенің мысалдарын айтып, болашақтан бас тартуға болмайды.

Енді бір 5-10 жылда энергетика инфрақұрылымы әбден тозған кезде бізде таңдау да болмай қалады. Қазір мүмкіндік барда қамданған дұрыс. Себебі, АЭС салу бір күннің шаруасы емес. Тіпті, бірнеше жыл қажет етеді. Оған орасан зор қаражат, ресурс, инвестор, кадр қажет. Дәл қазіргі уақытта елде бастаманы жүзеге асыруға мүмкіндіктер бар. Соны пайдалана білу керек. Десе де, Мемлекет басшысы осындай жауапты шешімді қабылдауды елдің еркіне қалдырып отыр. Бұл ретте

Президент қазақстандықтардың пайым парасатына сенім артып отырғанын аңғару қиын емес. Себебі, барлық мемлекетте ондай таңдау беріле бермейді. Ал, біз, Қазақстан халқы, бұл мүмкіндікті дұрыс пайдалана білуіміз керек дегім келеді. Өзіміз үшін, болашағымыз үшін.

**Арман ТУТКУШЕВ,**  
**Б.Бейсенов атындағы ҚР ІІМ Қарағанды академиясының криминалистика кафедрасының доценті**

• ДЕНСАУЛЫҚ

## «Ауру – астан...»

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тамақтану мен жігіт ішек инфекцияларының алдын алу – мектеп оқушыларын тамақтандыру қызметін көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің негізгі міндеттерінің бірі екенін еске салады.



Коллаж жасаған А.Рысқалиев

Ұйымдасқан ұжымдардағы қоғамдық тамақтану және сауда объектілері эпидемиологиялық маңызды жоғары объектілер болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызмет басталар алдында эпидемиологиялық маңызды жоғары объектілер объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндетті. Олардың санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысыз қызметі заңсыз болып табылады.

Білім беру ұйымдарында тамақтану уланудың және жігіт ішек

инфекцияларының негізгі себептері ас блогы қызметкерлерінің қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамауы. Атап айтқанда, жеке гигиена ережелерін, тамақ дайындау, тамақ өнімдерін сақтау технологияларын бұзуы болып табылады.

Оқушылар арасында тамақтану улану мен жігіт ішек инфекцияларының алдын алу үшін есте ұстайтын маңызды жайттар бар. Біріншіден, тамақ өнімдері мен азықтүлік шикізатын олардың сапасы мен қауіпсіздігін қуалауды ратын қуажаттар болған жағдайда ғана қабылдауды жүзеге асыру қажет. Балаларды термиялық өңделусіз тамақтандыру үшін пайдаланылатын шикі өнімдер мен өнімдерді сақтаудың бөлек шарттарын сақтау. Тез бұзылатын

өнімдерді (ет, балық, сүт, ашытылған сүт өнімдері және басқа да) дұрыс сақтау және уақытылы пайдалану ерекше назар аударуды қажет етеді. Тамақ дайындау технологиясын сақтау, дайындалған және өткізілген тамақ өнімдері мен аспаздық тағамдардың тәуелсіз сынақтарын стерильді ыдыстарға іріктеуді, оларды дайын тамақ өнімдері үшін тоңазытқыш жабдықта +2 °C - +6 °C температурада 48 сағат бойы сақтауды қамтамасыз ету керек. Ас үй жабдықтары мен асхана ыдыстарын өңдеу режимдеріне қойылатын талаптардың сақталуын қадағалау қажет.

Тамақтандыру қызметін көрсетушілер азықтүлік объектілерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер та-

лаптарының сақталуын өндірістік бақылау – өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және жүргізу арқылы өнімнің балалардың денсаулығы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге міндетті.

Мектеп оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде желе, паста, фаршталған құймақ, күрделі (төрт компоненттен астам) салаттар, майонез және қаймақ қосылған салаттар, оқрошка, кремлі бар кондитерлік өнімдер, жұмсақ пісірілген жұмыртқа, глазурь жұмыртқаларын, өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалатын тамақ өнімдерін жасауға және сатуға жол берілмейтінін есте ұстаған жөн. Кейде олар балаларда тағамдық токсикоинфекция, жігіт ішек инфекциясын тудыруы мүмкін эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпті тағамдар екендігін ескеру керек.

Қоғамдық тамақтану объектісінің қызметкерлері заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өтуге, жеке гигиена ережелерін сақтауға міндетті. Ішек дисфункциясының белгілері бар, сондай-ақ, қолында жаралары бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті осы салада еңбек ететін қызмет берушілерге санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды мұлткіз сақтауға кеңес береді. Ас балаларға зиян емес, пайда әкелетін болуы тиіс. Балалардың денсаулығына жауапты болыңыздар.

**Юрий ЗАЛЫГИН,**  
**облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы**

Еске алу

Әкем **Кәрім АҚМАЕВ** – 1924 жылы Қарқаралы ауданы, Темірші ауылы кеңесіне қарасты Томар колхозының топырағында дүниеге келді. Тірі болса, 2024 жылдың 24 тамызында 100 жасқа толар еді.

Ата-анасы колхозшы шаруалар болған. Бастауыш, орта білімді Томар, Қарағаш колхоздарындағы мектептерден алып, 1940-1943 жылдары Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищені бітірген. 1961 жылы Қарағанды қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтты аяқтайды.

Еңбек жолын 1943 жылы Темірші орта мектебіне мұғалім болудан бастады. 1943 жылдан 1953 жылға дейін Қарағаш, Жарбастау, Томар бастауыш және орталау мектептерінде оқытушы және оқу ісінің меңгерушісі болды. 1954 жылдан 1965 жылға дейін Фрунзе (қазіргі Қасым Аманжолов) 8 жылдық мектебінде мұғалім және мектеп директоры қызметін атқарды. 1965 жылдан 1975 жылға дейін Жамбыл атындағы совхозда Партком хатшысы болып қызмет атқарды. 1975-1987 жылдар аралығында Ақтайлақ селолық советі атқару комитетінің төрағасы болған.

Қарқаралы ауданы еткен еңбегін бағалап грамота, медальдармен марапаттады. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін 5 жылдай Татан ауылындағы №23 орта мектепте мұғалім, совхозда азаматтық қорғаныс штабының бастығы болды.

50 жылдай атқарған адал еңбегін Үкімет түрлі Құрмет медальдарымен марапатталған.

«Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі» атағының иегері. Тыл ардагері, 1946 жылы «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медальмен марапаттады. Кейінгі жылдары «Құрмет белгісі» орденімен және 7 рет бірқатар медальмен марапатталды.

70 жастың 50 жылға жуығын ауылдық жерлерде ұрпақ, адам тәрбиесіне жұмсаған. Қоғамдық жұмысты жан-тәнімен беріліп атқарды. Партия қатарында болған 40 жыл, аудандық-ауылдық Кеңестің депутаты болған. 38 жылда халық үшін аянбай еңбек етті. 2014 жылдың ақпан айында 70 жасында өмірден өтті.

2014 жылдың 8 маусымында әкеміздің 90 жылдығына орай Қарағандыда еске алу асын өткіздік.

«Орталық Қазақстан» газеті 2014 жылдың 12 маусымындағы санында Сейіткүл Махметұлының «Көңілден кетпейсін» деген мақаласында, әкеміздің 1983-1987 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде қоян-қолтық араласып, ауыл мәдениетін көтеруде бірге жұмыс атқарғанын жазған екен.

Бір сөзінде «Кәрім Ақмайұлының туған Томар ауылында ескерткіш қойса, еңбек еткен Еңбек ауылының орталығындағы орта мектепке есімін берсе, Жамбыл ауылының орталығындағы бір көшеге атын берсе деген тілегімді білдіремін» деген екен.

Биыл Қарағаш мектебінің ашылғанына 100 жыл толуына орай, сол мектепте ұстаз болған мұғалімдерге мектеп жанынан аллея ашылу салтанаты өтті. Ұстаздарға тақта орнатылды.

Әкеміздің Қарағаш мектебінде ұстаз, оқу ісінің меңгерушісі, болған 1943-1953 жылдардағы 11 жылғы еңбегі бағаланып, ескерткіш тақта орнатылғанына қуаныштымын!

Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Сағынып еске алушы: балалары, немерелері

Естелікті жазған: **Зейнегүл Кәрімқызы**

№320

ХАБАРЛАМА

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық соты, азаматша Усенова Алмагүл Ергальевнаның өтініші бойынша Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы Доскей ауылы, Гагарин кешесі 17а, үй, тұрғыны 29.01.1982 ж.т.,

Алимкулов Өмірсерік Ергазинвичке өлді деп тану туралы азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Соған байланысты, 29.01.1982 ж.т., Алимкулов Өмірсерік Ергазинвичті көріп білген немесе қандайда бір маңызды хабары бар жандарды, Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық сотына осы хабарлама ақпараттық құралдар беттерінде жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде хабарласуын сұрайды.

№319

## Қоршаған орта қамқорлыққа зәру



Оның мақсаты – қала тұрғындары мен жастар арасында экологиялық жауапкершілік деңгейін арттыру мен қоршаған ортаны қорғап, сақтау.

**Ержан ИМАШ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

ескерткіштердің айналасы жаңғыртылып, тазаланды.

Биыл құрылғанына 70 жыл толатын Саран қаласын одан әрі әдемі де сәнді ету жұмыстарына жыл басынан бері 360 ұжым, 12 мыңнан аса адам қатысып, олар сыртқа 14 мың тонна қоқыс қалдықтарын тасып шығарған еді. Қала бақтары мен гүлзарлары қоқыстан тазартылып, ол аумақтарға 3 мыңдай ағаш көшеттері отырғызылып болатын.

Енді осы жолы сарандық 100 жас қаланың су қоймасының жағасы мен аймағын қоқыстан тазартып, сәнін келтірді. Тарихи және мәдени

Сәнді Ақанова.

Жалпыхалықтық қолдауға ие болған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Саран қаласында да жыл аяғына дейін жалғаса бермек.

**САРАН**

43-21-55

**Жарнама бөлімінің байланыс телефоны**





# Көшпенділер мәдениетінің көшелі көрінісі

Ерке Есілдің жағасында, Ұлы Дала төсінде, Астананың төрінде дүбірлеп өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны мәреге жетті. Әлем жұртшылығын жалт қаратып, талайларды таң қалдырып, тамсандырған ауқымды шараның жабылу салтанаты Елордадағы этноауылда өтті. Байрақты бәсекеде ұлттық спорттың 21 түрінен жарыс өтті. Спорт түрлерінен 89 елден 2,5 мыңнан астам спортшы бағын сынады. Барлығы 97 жиынтық немесе 581 медаль ойнатылды. Ұлттық құрама 114 медальмен бірінші орын иеленді.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы ойындардың ең ауқымды, олимпиадалық жүйемен өткеніне әлем жұрты куә. Ал, ашылу салтанаты Париж олимпиадасын жолда қалдырды. Тіпті, қазақ күресін үйренуге кәріс ұлтының өкілдері қызығушылық танытты. Бұған дейін фестиваль деңгейінде ғана өтіп келген әлемдік шараның биылғысын әлемнің 20-ға жуық беделді телеарнасы тікелей эфирде көрсетті. Мұндай хабар тарату Көшпенділер ойындарының тарихында болмаған.

Сонымен қатар, «Қазанат» ипподромы маңындағы этноауылда 100-ден аса мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Еліміздің әр өңірінен жиналған өнерпаздар күнделікті концерттер, ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін, көрме, айтыс өткізді.

Ұйымдастыру дирекциясы әдепкіде, этносportтың 21 түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады деген еді. Шетелдік құрамалардың өтінші бойынша жарыс барысында дәстүрлі садақ атудан қосымша «пұт», «қалқан» және «жамбы» нысаналары бойынша қыздар сайысы қосылып, медаль жиынтығы 100-ге жетті. Қазақстан спортшылары 114 медальмен көш бастады. Оның 44-і – алтын, 33-і – күміс және 37-сі – қола жүлде.

Екінші орын – Қырғызстан



спортшылары еншісінде. Олар 65 медаль алды. 19 алтын, 21 күміс және 25 қола.

Медаль саны бойынша үшінші орынды Ресей спортшылары иеленіп, 12 алтын, 12 күміс және 25 қола – жалпы 49 медаль жеңіп алды.

Үздік бестікті Өзбекстан мен Түркия құрамына түйіндеді.

Ойындарға елімізден 195, Қырғызстаннан 172, Ресейден 144 спортшы қатысқан.

Этноауылда өткен жабылу рәсіміне спортшылар да шақырылды. Оларды 1000-ға жуық еріктілер мен этноауыл қонақтары ыстық ықыласпен қарсы алды.

– Біз V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын аяқтап, дүбірлі

дода шымылдығын жабымыз. Қазақстан түркі әлеміне ғана емес, бүкіл әлемге туыстас халықтардың бауырмалдығын, ынтымақтастығын паш ете білді. Спорттық іс-шара арқылы түркітілдес елдердің бай мәдениеті, салт-дәстүрі айрықша дәріптелді. Қазақстанға, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлына және Министрге осы ойындарды қолдап, ұйымдастырғаны үшін алғыс айтықым келеді. Келесі тізгін Қырғызстанда, оларға сәттілік тілеймін, – деді Дүниежүзілік этносport конфедерациясының президенті Біләл Ердоған.

Нежмеддин Біләл Ердоған салтанатты жиында VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қырғыз-



станда өтетінін мәлімдеп, Алтынбек Мақсұтовқа ДКО символы – торсықты табыс етті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен қазақ топырағында ұйымдастырылған Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – мәні терең, мазмұны бай бірегей жоба. Оның түркі әлемінің алтын бесігі Қазақ жерінде жалауын желбіреткені – біз үшін зор мәртебе әрі шын мақтаншы. Ойындарда 30-дан астам елдің спортшылары медаль иеленді. Жүлде алған мемлекеттер қатарында мұхиттың арғы жағынан келген Канада мен Мексика спортшылары да бар. Дүбірлі додаға 90-ға жуық мемлекеттің қатысуы, 30-дан астам елдің жұлдегерлер қатарынан көрінуі – дүниежүзінде көшпенділер ойындарына деген қызығушылықтың артып келе жатқанын аңғартады. Көшпенділер Олимпиадасының беделі биіктей берсін! – деді Ербол Мырзабосынов.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары көшпелі халықтардың этникалық спорты мен мәдени мұрасын насихаттау мақсатында өткізілгенін атаған жөн.

Жабылу салтанатыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Қарақат Әбілдина, Қайрат Баекенов, Гүлсім Мырзабек және басқа да өнер жұлдыздары танымал әндер мен халық композиторларының шығармаларын орындады.

Қазақ күресінен өткен жарысқа әлемнің 44 елінен 294 балуан қатысқан.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ең көп көрермен көкпар мен көкбөрі жарысына келді. Финалдық бәсекеге 20 мың (әр финалға 10 000 көрермен келді) жанкүйер жиналған.

Осылайша, байтақ өлкемізді дүбiрге бөлеген кезекті Көшпенділер ойындарында еліміздің спортшылары шын мықты екендігін көрсетіп, мәренің алдынан көрінді. Жарыстар басталған сәттен-ақ қара үзген отандастарымыз сайыстар аяқталғанша, сол биіктен төмендеген жоқ. Қазақ күресінен сегіз салмақ дәрежесінде алтын алдық. Жұдырықтай жұмылып, жалпақ әлемге қазақтың бірлігін, асақ рухын, экономикасын, мәдениеті мен спортын паш еттік. Өрқашан, Көк Туымыз биіктен желбірей берсін!

Суреттер Ұлттық спорт қауымдастығының сайтынан

• ҚҰРМЕТ

## Жомарт десе, дегендей еді...

Жақында Қарқаралы қаласындағы балалар кітапханасының ғимаратына ел жадында игі істерімен қалған кәсіпкер, осы қала мен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азамат Жомарт Жаилминге арналған мемориалдық тақта орнатылды. Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына Жомарт Олжабекұлының жақын туыстары, замандастары, аудан-қала басшылары мен жергілікті тұрғындар қатысты.



Болатбек ӘШМҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Рәсім барысында аудан әкімі Әділжан Арғынов, ардагер ұстаз Дүйсенбай Оспанов, Жоқеннің замандастары Сержан Аймақов, Алма Татиевалар сөз алып, марқұмның азаматтық келбетін еске алысты. Асыл азаматтың жары Сана Жөкебаева осы ізгі шараға мұрындық болған, атсалысқан жандарға алғысын білдіріп, кітапхана ұжымына естелік сыйлық жасады.

Жомарт Олжабекұлы ғұмыры қысқа болса да, халыққа көп жақсылық жасаған ауылы жан еді. Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың экономика факультетін тәмамдаған ол Қарқаралы ауданының түрлі құрылымдарында есепші, бас есепші қызметін атқарып, 2000 жылдардың басында жеке кәсіпкерлікке ден қойып, құрылыс, жөндеу жұмыстарымен айналысатын «Өнім» акционерлік қоғамын құрды.

Ел экономикасы жүрелеп қалған тоқсаныншы жылдардан кейін екінің бірі мұндай тәуекелге бірден бара алған жоқ. «Өнім» кәсіпорны аудандағы мектептер мен мәдениет ошақтарын күрделі және ағымдағы жөндеу ісін қолға алып, ауқымды жұмыстарды жүзеге асырды. Шалғайдағы Томар ауылында мектеп салды, осы елді мекендегі ауызсу құбыры мен Қарқаралы қаласындағы көріз

жүйесін, жылу жүйелері мен қазандықтарды жөндеуден өткізді. Қарағаш ауылына су құбырын тартып, Бейбітшілік ауылындағы су құбырларына реконструкция жасады. Қарқаралы қаласындағы жекешелендіру кезінде жеке-меншікке өтіп кеткен бұрынғы мектеп-интернат ғимаратын қалпына келтіріп, жаңа мектепке айналдырды. Қарқаралыдағы бірнеше тарихи ғимаратты, қазіргі Қ.Аманжолов атындағы орталық кітапхана ғимаратын жөндеп, қаттарға қосты.

Сонымен қатар, Қарқаралының сыртындағы бұрынғы демалыс үйлерінің бірін күрделі жөндеуден өткізіп, табиғат аясында туберкулезден емдейтін аурухана ашуға мүмкіндік жасады. «Өнім» кәсіпорны «Жібек жолы» бағдарламасымен қаланы аббаттандыру, көркейту, қалпына келтіру бойынша қаншама жұмыстарды белсене жүзеге асырды.

Ескерткіш тақта орнатылған аудандық балалар кітапханасының ғимаратын да Жомарт Олжабекұлы жаппай жекешелендіру науқанында өз қаражатына сатып алып, 2005 жылы халықтың игілігіне қызмет етсін деп қаланың иелігіне қайтарып беріп еді. Енді, міне, халық та жайсаң азаматын еске алып, рухына тағзым жасады. Ізгі ниет қабыл болсын!

Сурет автордан

• ВЕЛОЖАРЫС

## Тау жолындағы тайталас

Демалыс күні Қарқаралыдағы «Барыс» демалыс орнында тау веложарысы өтті. Өңірімізге танымал спортшы, марафоншы Думан Бейсенаевтың бастамасымен думен үшінші жыл ұйымдастырылған спорттық жарыс дәстүрлі шараға айналды дегуге болады.

Болатбек ӘШМҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Додаға жергілікті спортшыларымен қатар, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Теміртау қалаларынан арнайы келгендерді қосқанда, барлығы 35 велосабандоз қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында осы бұқаралық спорт шарасының демесушісі, жергілікті кәсіпкер, байырғы журналист Мейрам Сағымбеков пен ардагер спортшы Әлиасқар Әбеуов спортшыларға ақ жол тілеп, батасын берді.

Жас шамасы әр алуан велоспортшылар орман-таудың ішімен жиырма шақырымдық жолды жүріп өтті. Олардың қатарында мектеп оқушыларынан бастап ақ-

сақал жасындағы кісілерге дейін бар. Нәтижесінде, ерлер арасында мәре сызығын қарағандылық Максим Россаднев бірінші болып қиды. Екінші болып қарқаралылық Дамир Беспаев және үшінші болып тағы бір қарағандылық Павел Ефимов келді. Ал қыздар арасында қарқаралылық Ангелина Корнукий жеңімпаз атанып, екінші орын қарағандылық Оксана Конненконың, үшінші орын астаналық Әсем Байзақованың еншісіне бұйырды. Үлкендердің арасында Көктас ауылынан келген 68 жастағы Жұмаш Құрманғалиев мәреге бірінші жетті.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, естелік сыйлықтармен марапатталды.



Көпшілік үшін осындай бұқаралық спортты насихаттаған пайдалы да көңілді шараны ұйымдастырған қарқаралылықтарға, спорт жанашырлары Жанбота Тойшыбеков, Дәулет Кәкібаев, Қанат Дүйсенбаев сияқты азаматтарға алғыс айтамыз. Айта кету керек, кәсіпкер Мейрам Сағымбеков ағамыз 70 жасқа толған мерейтойына аста-төк дастархан жайғаннан гөрі сол қаражатқа осындай көпшілік шараға демеуші болғанды жөн көріпті. Өзгелерге үлгі боларлық қайырлы шешім. Енді Мейрам ағамыз тағы жақында ардагерлер арасында ұйымдастырылатын билыард турниріне де демеушілік жасамақшы. Салауатты өмір салтына үндеген үлкендеріміз аман болсын!

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісұлы  
ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МЯГКИХ

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 104 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сағбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Жаная ОМАРБЕК